

«Амангелді орта мектебі» КММ-нің  
жаратылыстану пәндер бірлестігінің  
2023-2024 оқу жылында  
жүргізілген жұмыстары жөнінде  
хабарлама есебі

Жаратылыстану пәндер бірлестігінде алты мұғалім бар. Олардың еңбек өтілі, білімі және сапалық құрамы төменде кестеде көрсетілген:

Аты-жөні	Сабақ беретін пәні	Еңбек өтілі	Білімі	Санаты
Әбдірзақ Мейрім Мақұұлы	алгебра, геометрия, физика	28,5 жыл	жоғары	педагог зерттеуші
Мединаева Ләззат Мақсотқызы	география	32 жыл	жоғары	педагог модератор
Умбетова Гулим Алпысбаевна	химия	16,5 жыл	жоғары	педагог модератор
Мукашова Гулдаурен Канатбаевна	биология	18 жыл	жоғары	педагог модератор
Муханова Айнур Дабыловна	алгебра, геометрия	10 жыл	жоғары	педагог модератор
Сиябаева Сәнім Мақсотқызы	алгебра, геометрия	2 жыл	жоғары	педагог

2023 жылдың тамыз айында бірлестіктің алғашқы отырысында биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысып, жұмыс жоспары құрылды. Сонымен қатар бірлестік мүшелерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, үйірме мен элективті курс жоспарлары қаралды. Бірлестік жоспарына сәйкес информатика, география, химия, биология және математика пәндерінен апталықтар өткізілді. Бірінші жарты жылдықта қазан айында 9-ы мен 13-ы аралығында «Информатика – ақпараттар ғылымы» тақырыбында информатика апталығы, қараша айының 6-ы мен 11-і аралығында «Сырға толы сырлы әлем» атты химия апталығы өтті.

Химия апталығында өткен шаралардан көріністер:




2023 жылдың қараша айының 20-24 жұлдызында «Қоршаған орта –тылсым дүние» атты айдарында мектепшілік география апталығы өткізілді. 9-сыныпта «Қазақстанның қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар» тақырыбында ашық сабақ өтті. 8-11 сынып арасында «Жас географ» сайысы ұйымдастырылды. Орта буын 5-7 сыныптар арасында «Қызықты география» интеллектуалды сайыс болды. Қоңырау арасында әр сыныптар арасында «Жаратылыстану әлеміне саяхат» жобасында қызықты ойындар ойнатылды.

Бірінші жарты жылдықта өткен апталықтардың барлығына оқушылар қызығушылықтарымен қатынасты. Апталықтар бірлестік отырыстарында талданып «өте жақсы» деп бағаланды.

Ал екінші жарты жылдықта қаңтар айының 15-і мен 19-ы арлығында «Математика – ғылымдар патшасы» атты 5-9 сыныптар арасында математика апталығы өтті. Апталықта 7-сыныпқа алгебра пәнінен Айнуր Муханова «Қысқаша көбейту формулалары», ал 8-сыныпқа алгебра пәнінен Сәнім Сиябаева “Квадрат теңдеулерді шешу” тақырыбында ашық сабақтар өткізді. Сонымен қатар апталықта сыныптар арасында «Дойбы» ойыны, мұғалімдер арасында «Ұшқыр ойлы топ» атты сайыстар болып өтті. Үзіліс кезінде тәтті сұрақтар (математикалық сұрақтар) мұғалімдер мен оқушыларға таратылып, оқушылардың қызығушылығын арттырып отырды.

Математика апталығында өткен шаралардан көріністер:



2024 жылдың ақпан айының 19-ы мен 23-і аралығында 9-11 сынып оқушыларына арналған «Математика - ғылымдар бастауы» атты жоғары сыныптарға математика апталығы өтті. Апталықта «GeoGebra» бағдарламасымен жұмыс істей білесің бе және «ҰБТ» есептерінің ішіндегі контексті тапсырмаларды орындау заңдылықтары тақырыптарында практикалық жұмыстар жүргізілді. «Математикалық бинго» сайысы өтті. Сонымен қатар оқушыларға «Математикалық регата» олимпиадасы өткізілді. Осы апталық аясында 11-сыныпқа геометрия пәнінен «Сфера, шар және оның элементтері. Сфераның ауданы» тақырыбында ашық сабақ өтілді. Апталық қорытынды кешпен қорытындыланды.

Жоғары сыныптарға математика апталығында өткен шаралардан көріністер:





Екінші жарты жылдықта сәуір айының 8-12 аралығында 7-11 сынып аралығында «Биология қажайыптары» атты апталық өтті. Апталық аясында 8-сыныпта биология пәнінен ашық сабақ өткізілді. Сонымен қатар «Қызықты биология» атты 7-8 сыныптар аралығында сайыс, 9-11 сынып арасында арасында «Тәжірибелер алаңы» атты практикалық жұмыс болды. Апталық 10-11 сыныптар арасында «Биология ғажайыптары» атты қортынды кешпен қорытындыланды. Апталыққа оқушылар жақсы қатысты.

Биология апталығында өткен шаралардан көріністер:



Екінші жарты жылдықта өтілген апталықтарда «өте жақсы» деген бағамен бағаланды.

Сонымен қатар үлгерімі төмен оқушылармен әр тоқсан сайын «Талантыңмен таныл» атты сайыс ұйымдастырылды. Бұл сайыстың мақсаты: жаратылыстану пәндері бойынша алған білімдерін тереңдету және пәнге деген қызығушылығын арттыру. Бұл сайысқа оқушылар белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысты. Әр тоқсан сайын 1 топ сайыстан шығып, IV-тоқсан соңында сайыс қорытындыланып, үздік топ жеңімпаз атанып, ақшалай сыйлыққа ие болды.

Енді оқушылардың жетістіктеріне келетін болсақ, география пәні бойынша қазан айында 7-8 класс оқушылары арасында өткен олимпиадаға 7-сыныптан Нұркнова Еркеназ бен 8-сыныптан Есімова Ақерке қатысып, 3 орын алды. «Sabsan» қашықтықтан болған пәндік олимпиадаға 8-сыныптан Есімова Ақерке, 10-сыныптан Алтаев Ерқанат «В» деңгейінде, 9-сыныптан Құралов Серікбол мен 8-сыныптан Мәдиқызы Аңсағаным «С» деңгейінде қатысты. Есімова Ақерке мен Алтаев Ерқанат 2 орынмен марапатталды. Аудандық олимпиадаға Алтаев Ерқанат пен Құралов Серікбол қатысты. Екі оқушы да 2 орын алды. Жаратылыстану бойынша 5-6 сынып оқушылар арасында өткен олимпиададан Муратов Ернар 2 орын алды. Жетекшілері: Мединаева Ләззат Мақсотқызы.

Математика пәні бойынша, 8-сынып оқушысы Жайлауқызы Ақжүніс Ғ. Сұлтанов олимпиадасының аудандық кезеңі 3-орын. «SAPSAN» олимпиадасының аудандық кезеңі 1-орын, облыстық кезеңі 2-орын. Жетекшісі: Сиябаева Сәнім Мақсотқызы.

Математика пәні бойынша, 6-сынып оқушысы Жанболатқызы Алтынарай «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңі 2-орын, облыстық кезең 3-орын. 5-сынып оқушысы Айбек Ермахан «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңі 3-орын. 6-сынып оқушысы Мұрат Ерназар «Достық» олимпиадасы Алғыс хат. Жетекшісі: Муханова Айнура Дабыловна.

Химия пәні бойынша, 7-сынып оқушысы Егізбаев Нұрислам «SAPSAN» олимпиадасының аудандық кезеңі 2-орын, облыстық кезеңі 3-орын. 6-сынып оқушысы Сәлімгерей Гүлсезім «Зерде» байқауының аудандық кезеңі 3-орын. Жетекшісі: Умбетова Гулим Алпысбаевна.

Биология пәні бойынша, 6-сынып оқушысы Жұмабергенқызы Ләззат «Зерде» байқауының аудандық кезеңі 3-орын. 8-сынып оқушысы Сангереева Марта «SAPSAN» олимпиадасының облыстық кезеңі Алғыс хат, «Юниор» аудандық олимпиада Алғыс хат. Жетекшісі: Мукашова Гулдаурен Канатбаевна.

#### Жаратылыстану пәндер бірлестігіндегі пәндердің сапа көрсеткіші:

Пән	Сынып	Оқушылар саны	Орташа балл	Үлгерім %	Білім сапасы %
Биология	7 А ҚАЗ	12	3,67	100,00%	58%
Биология	8 А ҚАЗ	12	4,1	100,00%	67%
Биология	9 А ҚАЗ	10	3,6	100,00%	60%
Биология	10 А ҚАЗ	9	3,89	100,00%	67%
Биология	11 А ҚАЗ	7	4,43	100,00%	100%

	5-сынып жаратылыс-тану	6-сынып жаратылыс-тану	7-сынып география	8-сынып география	9-сынып география	10-сынып география	11-сынып география
I тоқсан	83,33%	66,66%	61,53%	66,66%	40%	66,66%	100%
II тоқсан	91,66%	88,88%	92,3%	75%	60%	77,77%	100%
III тоқсан	91,66%	66,66%	58,33%	50%	70%	77,77%	71,42%
IV тоқсан	91,66%	72,22%	66,66%	66,66%	70%	77,77%	85,71%
Жылдық	91,66%	72,22%	66,66%	66,66%	70%	77,77%	74%

№	5-сынып математика	6-сынып математика	7-сынып алгебра	7-сынып геометрия
I тоқсан	91,66%	44,44%	23,07%	30,76%
II тоқсан	83,33%	55,55%	53,84%	46,05%
III тоқсан	83,33%	66,66%	58,33%	58,33%
IV тоқсан	91,66%	94,44%	83,33%	91,66%
Жылдық			58,33%	58,33%

	8-сынып алгебра	8-сынып геометрия	9-сынып алгебра	9-сынып геометрия
I тоқсан	58,33%	66,66%	60%	60%
II тоқсан	66,66%	75%	60%	60%
III тоқсан	58,33%	50%	60%	60%
IV тоқсан	66,66%	66,66%	60%	60%
Жылдық	58,33%	66,66%	60%	60%

	7-сынып химия	8-сынып химия	9-сынып химия	10-сынып химия	11-сынып химия
I тоқсан	53.07%	61.36%	57.27%	72.72%	81.81%
II тоқсан	65.08%	66.6%	66.42%	74.6%	83.67%
III тоқсан	62.5%	60.6%	60.09%	69.69%	76.67%
IV тоқсан	72.43%	66.6%	67.14%	81.74%	89.79%

	7-сынып физика	8-сынып физика	9-сынып физика	10-сынып физика	11-сынып физика
I тоқсан	76,92%	66,66%	60%	44,44%	57,14%
II тоқсан	69,23%	66,66%	60%	44,44%	57,14%
III тоқсан	75%	66,66%	60%	55,55%	57,14%
IV тоқсан	75%	66,66%	60%	77,77%	57,14%
Жылдық	75%	66,66%	60%	55,55%	57,14%

	10-сынып алгебра және анализ бастамалары	10-сынып геометрия	11-сынып алгебра және анализ бастамалары	11-сынып геометрия
I тоқсан	77,77%	77,77%	57,14%	100%
II тоқсан	44,44%	77,77%	57,14%	71,42%
III тоқсан	55,55%	77,77%	57,14%	57,14%
IV тоқсан	77,77%	77,77%	57,14%	57,14%
Жылдық	77,77%	77,77%	57,14%	71,42%

Қорыта айтқанда 2023-2024 оқу жылында жаратылыстану пәндер бірлестігіндегі жоспарланған жұмыстар толық жүргізілді.

Жаңа оқу жылына дейін екі мұғалім биология пәнінің мұғалімі Мукашова Гулдаурен Канатбаевна, математика пәнінің мұғалімі Муханова Айнур Дабыловна санаттарын педагог модератордан педагог сарапшыға көтерулері керек. Осы әріптестерімізге сәттілік тілейміз.

Жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі:

Әбдірзақ М.М.